

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік
агенттігі» АҚ
Директорлар кеңесінің
2025 жылғы «20» маусымдағы
№ 11 хаттамасына №1 қосымша

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік
агенттігі» АҚ
Директорлар кеңесінің
2025 жылғы «20» маусымдағы
№ 11 шешіммен бекітілген

**«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік
қоғамының «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-мен шикізаттық емес
экспортты ілгерілету үшін кредиттеуге (қарыздарға) байланысты
мәмілелерді сақтандыру жөніндегі қағидалары**
(2026 жылғы «23» сәуірдегі жағдай бойынша № 1 толықтыруларымен)

ІҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІҚ атауы	«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-мен шикізаттық емес экспортты ілгерілету үшін кредиттеуге (қарыздарға) байланысты мәмілелерді сақтандыру жөніндегі қағидалары
ІҚ иесі	Сақтандыру және кепілдік департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Қоғамның барлық қызметкерлерін ІҚ-мен таныстыру бойынша іс-шаралар	ІҚ «Ішкі портал» желілік дискісіне орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы жіберу
Енгізілген өзгерістер мен толықтырулар:	
«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі шешіміне (№ 06 хаттама) сәйкес № 1 толықтыруларымен	2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	4
2-тарау. Сақтандыру объектісі	5
3-тарау. Сақтандыру жағдайлары	6
4-тарау. Сақтандырушыны Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері және сақтандыруды шектеу	6
5-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	7
6-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	8
7-тарау. Сақтандыру сомасы	8
8-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы	8
9-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	9
10-тарау. Мониторинг	10
11-тарау. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары	10
12-тарау. Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтанушының іс-әрекеті	11
13-тарау. Сақтандыру жағдайының басталуын және шығындар көлемін растайтын құжаттардың тізбесі	11
14-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары	12
15-тарау. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі	13
16-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	14
17-тарау. Суброгация	14
18-тарау. Қосымша шарттар	15
19-тарау. Дауларды шешу тәртібі	15

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Шикізаттық емес экспортты ілгерілету үшін кредиттеуге (қарыздарға) байланысты «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-мен мәмілелерді сақтандыру «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының осы Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді. Қағидалар шикізаттық емес экспортты ілгерілету үшін кредиттеуге (қарыздарға) байланысты мәмілелерді сақтандыру шарттарын жасасу кезінде қатынастарды реттейді, оларға қатысты қолдау Сақтандырушының Жарғысында көзделген Сақтандырушының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі анықтамалар мен терминдер:

1) **Банкроттық**- Қарыз алушының (Экспорттаушының) заңды күшіне енген сот шешімімен танылған, оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі;

2) **Шартсыз франшиза**- Сақтандыру шартында көзделген Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын Залалды өтеуден босату. Шартсыз франшиза Сақтандыру сомасына қатысты пайызбен белгіленеді. Залал белгіленген соманы шегере отырып өтеледі;

3) **Бас келісім** – Сақтанушының Бас келісімде және оның шеңберінде жасалатын Сақтандыру шарттарында көзделген мүліктік мүдделерін сақтандыру жүзеге асырылатын шикізаттық емес экспортты ілгерілету үшін кредиттеуге (қарыздарға) байланысты мәмілелерді сақтандыру туралы бас келісім, осыған байланысты Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы Сақтандыру жағдайы басталған кезде Бас келісімде және Сақтандыру шарттарында көзделген көлемде және шарттарда Сақтандырушы Сақтандыруды төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

4) **Дефолт** – Қарыз алушының (Экспорттаушының) Кредиттік шарттың және/немесе Кредиттік шартта көзделген қамтамасыз ету жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес Сақтанушы алдындағы міндеттемелерін орындамау және (немесе) тиісінше орындамау фактілерінің немесе қатерінің басталуы;

5) **Сақтандыру шарты** – Тараптар сақтандыру шарттарын белгілейтін, шикізаттық емес экспортты ілгерілету үшін кредиттеуге (қарыздарға) байланысты мәмілелерді сақтандыру туралы бас келісімге шикізаттық емес экспортты ілгерілету үшін кредиттеуге (қарыздарға) байланысты мәмілелерді сақтандыру шарты;

6) **Қарыз алушы (Экспорттаушы)** – қазақстандық шикізаттық емес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді экспорттайтын және Сақтанушыдан қаржыландыру (қарыз) алған заңды тұлға немесе дара кәсіпкер;

7) **Кредиттік шарт** – Сақтанушы мен Қарыз алушы (Экспорттаушы) арасындағы шарт, оның талаптарына сәйкес Сақтанушы Қарыз алушыға (Экспорттаушыға) Кредиттік шартта көзделген көлемде және шарттарда кредит (қарыз, қаржыландыру) беруге міндеттенеді, ал Қарыз алушы (Экспорттаушы) алынған кредитті (қарызды, қаржыландыруды) уақтылы қайтаруға және ол бойынша сыйақыны және/немесе басқа да шығыстарды төлеуге міндеттенеді;

8) **Міндеттемелерді тиісінше орындау** - міндеттемені тиісті тұлғалар тиісті нысанмен, тиісті жерде, тиісті тәсілмен және тиісті мерзімде орындауға тиіс дегенді білдіреді. Өзге жағдайларда міндеттемелердің орындалмауы (тиісінше орындалмауы) орын алады;

9) **Қамтамасыз ету**- кепіл, кепілдік, кепілгерлік және Кредиттік шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің өзге де түрлері;

10) **Негізгі борыш** - Кредиттік шарт бойынша есептелген сыйақыны, өсімпұлдар мен айыппұлдарды есепке алмағанда, Қарыз алушының (Экспорттаушының) Сақтанушы алдындағы берешегі;

11) **Күту кезеңі** – осы Бас келісімде белгіленген уақыт кезеңі, бұл кезең аяқталғаннан кейін Сақтандыру жағдайы басталған болып есептеледі. Күту кезеңі Сақтандырушы Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы хабарлама алғаннан кейінгі келесі күні басталады;

12) **Сақтандырушы** – «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамы, ол Бас келісімге және Сақтандыру шартына сәйкес Сақтандыру жағдайы басталған кезде Бас келісімде және Сақтандыру шартында белгіленген талаптарда және шектерде Сақтанушының пайдасына сақтандыру төлемін жүргізеді;

13) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен Бас келісім мен Сақтандыру шартын жасасқан, ұлттық даму институты және мемлекеттік инвестициялық саясатты және өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыруды іске асыруға уәкілетті банк болып табылатын «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ. Бас келісім мен Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған және пайда алушы болып табылады;

14) **Сақтандыру төлемі**- Шартсыз франшизаны ескере отырып, Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру сомасы шегінде төлейтін, қазақстандық теңгемен көрсетілген ақшалай сома;

15) **Сақтандыру қорғанысы** – сақтандыру жағдайы немесе сақтандыру шартында айқындалған өзге де оқиға басталған кезде сақтанушының заңды мүліктік мүдделерін сақтандыру төлемі арқылы қорғау жөніндегі қатынастар кешені;

16) **Сақтандыру сыйлықақысы**- Сақтанушының Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтанушыға Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтандырушыға төлеуге міндетті қазақстандық теңгемен көрсетілген ақшалай сома;

17) **Сақтандыру сомасы**- сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақшалай сома. Сақтандыру сомасы валютасының түрі Сақтандыру шартында айқындалады;

18) **Сақтандыру оқиғасы**- нәтижесінде Сақтанушының мүліктік мүдделеріне залал/шығын келтірілуі мүмкін және кейіннен сақтандыру жағдайы деп танылуы мүмкін оқиға;

19) **Сақтандыру тәуекелі** – орын алуы мүмкін болатын жағдайға Сақтандыру шарты жасалатын Сақтанушы үшін залалға әкеп соғатын болжамды оқиға (сақтандыру жағдайы);

20) **Сақтандыру жағдайы**- орын алған кезде Сақтандыру шартында Сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін оқиға;

21) **Залал** – Қарыз алушының (Экспорттаушының) Кредиттік шарт бойынша Негізгі борышты өтеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындамауы себебінен қаржылық қызметтер көрсету (қарыз беру, қаржыландыру) нәтижесінде туындайтын Сақтанушының залалы.

Бұл ретте залал анықтамасына Қарыз алушының (Экспорттаушының) Сақтанушы алдында: жіберіп алған пайданы өтеу (төлеу) бойынша берешегінің; тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар, өсімпұлдар; есептелген және мерзімі өткен сыйақылар, комиссиялар және Кредиттік шартта көзделген өзге де осыған ұқсас төлемдер; сот шығасыларының, оның ішінде Кредиттік шарт бойынша қандай да бір берешекті өндіріп алуға; сондай-ақ басқаның ақшасын заңсыз пайдаланудан келтірілген залалдарды өндіріп алуға сотқа органдарына жүгінуге байланысты сот шығасыларының туындауы кірмейді.

Жоғарыда көрсетілген ұғымдар егер Қағидаларда өзгесі көзделмесе, Қағидалардың мәтінінде жекеше немесе көпше түрде, бас әріппен немесе кіші әріппен пайдаланылуына қарамастан, осы тармақта айқындалған мағынада түсініледі.

2-тарау. Сақтандыру объектісі

3. Сақтандыру объектісі Сақтанушының заңнамада және Кредиттік шартта белгіленген тәртіппен Қарыз алушының (Экспорттаушының) Сақтанушыға залалды өтеу

міндетіне байланысты мүлiктiк мүддесi болып табылады.

3-тарау. Сақтандыру жағдайлары

4. Қағидалардың талаптары бойынша Сақтандыру жағдайы осы тарауда және Сақтандыру шартында айқындалған және мыналардың салдарынан Сақтанушыға залал келтірген оқиғаның басталу фактісі болып табылады:

1) Қарыз алушының (Экспорттаушының) Кредиттік шарт бойынша Негізгі борышты төлеу бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерін ұзақтығы күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен бастап орындамауы (тиісінше орындамауы);

2) Қарыз алушының (Экспорттаушының) банкроттығы және (немесе) таратылуы.

5. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға төменде тізімделген барлық белгілерге ие болуы тиіс:

1) оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;

2) оқиғаның орын алуының нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның орын алуы нәтижесіндегі залалдар көлеміне қатысты болжанбайтындығы;

3) Тараптары немесе, ең болмағанда, Сақтанушы көрінеу білген немесе алдын ала хабардар болған, оқиға Сақтандыру шартының қолданылуы шегінде сөзсіз және объективті түрде орын алу мүмкіндігі тәуекелінің болмауы;

4) оқиғаның орын алуы Сақтанушының мүлiктiк мүддесi үшін теріс, тиімсіз экономикалық салдарға ие;

5) оқиғаның орын алуы Сақтанушының ерік білдіруіне және (немесе) пиғылына байланысты емес және пайда алу және (немесе) ұтысқа ие болу (алыпсатарлық тәуекел) мақсатын көздемейді.

4-тарау. Сақтандырушыны Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері және сақтандыруды шектеу

6. Сақтандырушының Сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы үшін негіздер:

1) Сақтанушының залалдарды өтеу туралы талаптары сақтандыру сомасының көлемінен асады;

2) Залал немесе шығындар ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті ластану, соғыс қимылдары, азаматтық соғыс, кез-келген түрдегі халық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер әсерінен туындады;

3) Кредиттік шартты жарамсыз деп тану;

4) Кредиттік шартқа, кепіл шартына, кепілдік шартына немесе Сақтандыру шартында көзделген кепілгерлікке мұндай өзгерістерді сақтандырушымен жазбаша келісімсіз өзгерістер енгізу;

5) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

6) Сақтанушының Залалға жауапты тұлғадан немесе үшінші тараптан Залалдың толық өтеуін алуы;

7) Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының орын алу жайттарын тергеуде және оған келтірілген Залалдың көлемін анықтауда кедергі жасауы;

8) Сақтанушының Қарыз алушыға (Экспорттаушыға), оның ішінде сот немесе соттан тыс тәртіппен Кредиттік шарт бойынша өзінің талап ету құқығынан бас тартуы;

9) Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын (бір жолғы) төлегенге дейін Сақтандыру жағдайы басталған кезде, егер Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын (бір жолғы) уақтылы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзған жағдайда;

Қағидалар 6-тармағының 10) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес баяндалды

10) егер сақтандыру келісімі Сақтандырылған адамның қылмыстан түскен табысты заңдастыру (заңдастыру) мақсатында немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын қаржыландыру мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамасы мен сақтандырушының ішкі құжаттарында көрсетілген тәртіпте қолданылады деген күдік болса.

7. Сақтандыру шартында Сақтандырушыны Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату бойынша өзге де талаптар көзделуі мүмкін.

8. Егер Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі және/немесе Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан санкциялар, тыйымдар және өзге де шектеулер салғанға дейін жасалған Сақтандыру шарты бойынша қолданыстағы міндеттемелерді орындауын аяқтауға рұқсат алуды қоспағанда, егер Сақтандыру төлемінің, Сақтандыру қорғауының кез-келген бөлігі Сақтандырушы үшін не оның органы үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің бұрыштамаларына немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңдарына немесе қаулыларына сәйкес сауда немесе экономикалық санкцияларға сәйкес санкциялар, тыйым салулар не шектеулерге әкеп соқтырса, Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша Сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша міндеттемені көтермейді, сонымен қатар Сақтандыру қорғауын ұсынбайды.

Қағидалар 9-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес баяндалды

9. Сақтандыруш Сақтандыру төлемінен және Сақтандыру премиясын қайтарудан Бас келісімшартты және Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату кезінде Сақтандыру шарты Сақтанушы тарапынан заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жуу) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруларын таратуға қаржыландыру мақсатында қолдану туралы күдік туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіппен бас тартуға құқылы.

5-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

10. Сақтандыру шарты Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалған Бас келісім шеңберінде Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде жасалады.

11. Сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтандырушы Сақтанушыдан сақтандыру тәуекелін сипаттайтын құжаттарды талап етуі мүмкін.

12. Сақтанушы Сақтандырушының жазбаша сұрауларына жауаптарды қоса алғанда, Сақтандыру шартын жасасу үшін ұсынылған деректердің дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапкершілік көтереді. Бұл ретте екі тараптың уәкілетті өкілдерімен электрондық пошта арқылы хат алмасу ресми хат алмасуға теңестіріледі.

13. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша, Бас келісім негізінде және Сақтандырушының уәкілетті органының шешімі бойынша Сақтандыру қағидаларының жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды көздейтін Сақтандыру шарттары, сондай-ақ Сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар жасалуы мүмкін.

14. Сақтандыру шарты Шартсыз франшизаны белгілеумен жасалады.

15. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Сақтандыру шартының дубликатын береді, содан кейін жоғалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі.

6-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

16. Сақтандыру шарты Сақтандыру шарты жасалған күннен бастап күшіне енеді.

17. Сақтандыру шарты Қағидалардың 16-тарауына сәйкес өз қолданысын тоқтатады.

18. Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

19. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) Бас келісімде және Сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана қолданылады.

7-тарау. Сақтандыру сомасы

20. Сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру шартымен айқындалады және Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылады.

21. Сақтандыру сомасы Сақтандыру шартында айқындалған Сақтандыру объектісінің құнынан аспауға тиіс.

8-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы

22. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандырушы әзірлеген сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі.

23. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы біржолғы төлеммен немесе мерзімді Сақтандыру сыйлықақысының жарналары түрінде бөліп төлеуге тиіс. Сақтандыру сыйлықақысы қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге тиіс.

24. Сақтандыру шартына сәйкес бөліп төлеген жағдайда, Сақтандыру сыйлықақысын немесе Сақтандыру сыйлықақысының жарнасын төлеудің белгіленген күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң Сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады, бұл туралы Сақтандырушы Сақтанушыға хабарлайды.

25. Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын (немесе Сақтандыру сыйлықақысының жарнасын) төлегенге дейін Сақтандыру жағдайы басталған кезде, егер Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын (немесе Сақтандыру сыйлықақысының жарнасын) уақтылы

төлеу жөніндегі міндеттемені бұзса, Сақтандырушы Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

9-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

26. Сақтанушы мынаған құқылы:

1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі және қаржылық орнықтылығы туралы ақпаратты талап ету;

2) Сақтандырушыдан Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Сақтандыру төлемін жүзеге асыруды талап ету.

27. Сақтанушы мынаған міндетті:

1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға өзіне белгілі болған, сақтандыру тәуекелін бағалау және сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар барлық жайттар туралы хабарлау;

2) Сақтандыру шартында белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімде Сақтандыру сыйлықақысын төлеу;

3) Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде дереу, алайда оған белгілі болған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелі жағдайының өзгеруі туралы хабардар ету;

4) сақтандыру шарттарын орындау;

5) Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде Сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы Сақтандырушыға хабарлау;

6) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды азайту шараларын қабылдау;

7) Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген шығынның сипаты мен мөлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін барлық ақпаратты беру;

8) Сақтандырушыға Сақтандыру төлемін жасауға қажетті барлық құжаттарды ұсыну;

9) Кредиттік шарт бойынша берешекті өндіріп алу және реттеу жөніндегі барлық іс-әрекеттерді Сақтандырушымен жазбаша түрде келісу;

10) Сақтандыру жағдайының орын алуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз ету;

Қағидалардың 27-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес 11) тармақшасымен толықтырылды

11) Кредиттік шартта Борышкердің (Экспортердің) өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсету кезінде өзара міндеттемелерді анықтау және қолдану туралы нормативтік-құқықтық актілерде көзделген өзара міндеттемелерді орындау міндетін және растайтын құжаттарды ұсынуды қарастыру.

28. Сақтандырушы мынаған құқылы:

1) Сақтанушы ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандыру шартының талаптары мен талаптарын орындауын тексеру;

2) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен жайттарын дербес анықтау, оның ішінде Сақтанушыға және құзыретті органдарға сұрау салу;

3) Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау жайттарын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге құқылы;

Қағидалардың 28-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес 4) тармақшасымен толықтырылды

4) сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау кезінде сақтандыру жағдайы белгілі бір сақтандыру төлемін төлеуден кешіктірілген болса, кешіктірілген сақтандыру төлемінің сомасын есепке алу. Бұл жағдайда бірінші сақтандыру төлемі толық көлемде және Сақтандыру шартымен белгіленген мерзімде төленуі тиіс.

29. Сақтандырушы мынаған міндетті:

1) Сақтанушыны осы Қағидалармен таныстыру және олардың талабы бойынша осы Қағидалардың көшірмесін ұсыну (жіберу);

2) оқиға Сақтандыру жағдайы деп танылған жағдайда Сақтандыру шартында белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімде Сақтандыру төлемін жүргізу;

3) Сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсалған шығысты өтеу;

4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;

5) Сақтанушы не оның өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, оған алдыңғы құжатты алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға міндетті;

6) Сақтанушы жоғалтқан жағдайда Сақтандыру шартының дубликатын беру, содан кейін жоғалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша Сақтандыру төлемі жүргізілмейді.

30. Сақтандыру шартында тараптардың басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

10-тарау. Мониторинг

31. Қағидалар шеңберінде Сақтандыру қорғанысы жүзеге асырылатын Кредиттік шарт Сақтанушының Сақтандыру шартының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде Қарыз алушының (Экспорттаушының) Кредиттік шарт бойынша берілген қаражатты нысаналы пайдалануына мониторинг жүргізу және Қарыз алушыдан (Экспорттаушыдан) банктік және коммерциялық құпияны сақтау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, құжаттарды сұрату құқығын көздейтін талаптарды қамтуға тиіс.

32. Сақтандыру шартында Сақтандырушының жазбаша талабы бойынша Сақтанушының өзі куәландырған шарттардың, төлем тапсырмаларының және Сақтандырушының сұранысында көрсетілген мерзімде мониторинг мақсатында Сақтандырушы сұрататын кредиттік досьедегі өзге де құжаттардың көшірмелерін беру міндеттемелерін көздейтін талаптар қамтылуы тиіс.

11-тарау. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары

33. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы дерек түрде Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған жайттардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға міндетті.

34. Сақтандыру шартында сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін елеулі өзгерістер көзделуге тиіс.

35. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы Сақтандыру шартында көрсетілген тізбеге сәйкес Сақтандыру шартында көрсетілген талаптарда Сақтандырушымен осындай өзгерістерді жазбаша келісе отырып, Кредиттік шартқа, кепіл шарттарына, кепілдіктер немесе кепілгерліктер шарттарына өзгерістер енгізе алады.

36. Сақтандырушы өз кезегінде Сақтанушыға Сақтанушының хабарламасын алған сәттен бастап 10 жұмыс күніне дейінгі мерзімде Кредиттік шартқа, кепіл шарттарына, кепілдік немесе кепілгерлік шарттарына өзгерістер енгізу бойынша өзінің келісімін не өзінің дәлелді бас тартуын береді.

37. Сақтандыру шартында көрсетілген тізбеге сәйкес Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз Кредиттік шартқа, кепіл шарттарына, кепілдік немесе кепілгерлік шарттарына

өзгерістер енгізу Сақтандырушыны Сақтандыру шартына сәйкес Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатуға негіз болып табылады.

38. Қағидалардың 33-тармағына сәйкес сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы шарттың талаптарын өзгертуді және/немесе толықтыруды немесе тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

Егер Сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы шартты бұзуды талап етуге құқылы.

39. Сақтанушы Қағидалардың 33 және 35-тармақтарында көзделген міндеттерді орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және Сақтандыру шартын бұзудан келтірілген залалды өтеуін талап етуге немесе Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандыру төлемінің көлемін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес азайтуға немесе Сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

40. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соқтыратын жайттар жойылса, сақтандырушы шартты бұзуды талап етуге құқылы емес.

12-тарау. Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтанушының іс-әрекеті

41. Сақтандыру жағдайының орын алуын, сондай-ақ оған келтірілген залалды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

42. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдарынан Сақтандыру жағдайының орын алуы - Кредиттік шарт бойынша міндеттемелерді орындамау (тиісінше орындамау) орын алуы мүмкін кез келген оқиға орын алған кезде - Сақтанушы мынаған міндетті:

1) 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға және Сақтандырушыны істің барлық мән-жайларына қатысты қажетті ақпаратпен және құжаттамамен, атап айтқанда, оқиғаға тартылған тұлғалардың, оның ішінде талап қоюшылардың аттарын, атаулары мен мекенжайларын қоса алғанда, осы оқиғаға байланысты алынған ақпаратпен, құжаттармен қамтамасыз етуге;

2) дауды сотта реттеу кезінде сот шешім шығарғанға дейін Сақтандырушының іске «Дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлға» ретінде кіру құқығына кедергі келтірмеу, сондай-ақ «Дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлға» ретінде Сақтандырушыны іске тарту туралы немесе сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін талап қоюшыны Сақтандырушыға ауыстыруға міндетті.

43. Сақтанушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған іс-әрекеттерді жасамауға, сондай-ақ: Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз қандай да бір міндеттемелерді қабылдамауға, жауапкершілікті мойындамауға, қандай да бір ұсыныстарды қабылдамауға, осы Сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір ымыралы төлемдерді жүргізбеуге міндетті.

44. Сақтандыру шартында Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының өзге де әрекеттері көзделуі мүмкін.

13-тарау. Сақтандыру жағдайының басталуын және шығындар көлемін растайтын құжаттардың тізбесі

45. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы Сақтанушының Сақтандыру төлемі туралы өтініші негізінде жүргізеді.

46. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығындар мөлшерін растайтын

құжаттар:

- 1) Сақтандырушының корпоративтік Интернет-ресурсында орналастырылған нысанға сәйкес Сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
 - 2) Сақтанушының корпоративтік Интернет-ресурсында орналастырылған нысан бойынша Сақтанушы жасаған Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтініш;
 - 3) Сақтандыру шартының көшірмесі;
 - 4) Сақтанушының мөрімен куәландырылған Кредиттік шарттың және оған қосымша келісімдердің көшірмелері;
 - 5) Кредиттік шарттың талаптарында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, Қарыз алушының (Экспорттаушының) Кредиттік шарттың талаптарына сәйкес залалды өтеу (төлеу) қажеттілігі туралы Сақтанушының Қарыз алушыға (Экспорттаушыға) жазбаша талабының (хабарламасының) нотариалды куәландырылған көшірмесі;
 - 6) Кредиттік шарт бойынша Қарыз алушының (Экспорттаушының) қарыз берешегі туралы Сақтанушының анықтамасы;
 - 7) Сақтандырушының тиісті талабы болған кезде кредиттік досьеден алынған материалдардың көшірмелері/нотариалды куәландырылған көшірмелері. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтінішті қарау үшін қажетті құжаттардың белгілі бір тізбесін ұсынуға тиіс;
 - 8) Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін Сақтанушының банктік деректемелерін көрсете отырып Залал мөлшерін есептеу;
 - 9) кепіл, кепілген салу немесе кепілдік шарттарының және Кредиттік шарт бойынша Қамтамасыз ету болып табылатын өзге де шарттардың (бар болса) және Сақтанушының мөрімен куәландырылған оларға қосымша келісімдердің көшірмелері;
 - 10) талап қою көшірмесі (бар болса);
 - 11) Сақтанушының талап қоюы бойынша азаматтық іс қозғау туралы, Қарыз алушыдан (Экспорттаушыдан) Кредиттік шарт бойынша берешек сомасын өндіріп алу туралы соттың ұйғарымы (бар болса);
 - 12) Залалдың себебі мен мөлшерін растайтын өзге де құжаттар. Сақтандырушы Сақтанушыдан сақтандыру жағдайы мен шығын мөлшерін растайтын құжаттардың көшірмелерімен салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуды талап етуге құқылы, бұл ретте Сақтандырушы мұндай ұсынуға байланысты шығыстарды көтермейді.
47. Сақтандырушы Сақтанушыдан келтірілген залалдың себебі мен мөлшерін растайтын кредиттік досьеден құжаттардың көшірмелерін талап етуге құқылы.

14-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары

48. Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін, сондай-ақ Сақтандыру төлемі үшін қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін, Күту кезеңі аяқталғаннан кейін Сақтандырушы 30 (отыз) күнтізбелік күні ішінде мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:

- 1) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін белгілейді;
- 2) Сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді, оқиғаның туындау себептерін айқындайды;
- 3) Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Сақтандырушыны Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату мәніне оқиғаны тексереді;
- 4) Сақтандыру оқиғасы Сақтандыру жағдайы деп танылған кезде Сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды және Сақтандыру шартының талаптары негізінде Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдайды.

49. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы Сақтанушының Сақтандыру төлемі туралы жазбаша өтініші және Сақтанушы ұсынған құжаттар негізінде жүргізеді.

50. Сақтандыру төлемі Сақтандыру шартында айқындалған Сақтандыру сомасы

шегінде шартсыз франшизаны шегере отырып, Сақтанушыға келтірілген залал мөлшерінде жүзеге асырылады. Егер қарыз шетел валютасымен берілсе, онда Сақтандыру төлемі Сақтандырушы төлеген күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша, бірақ Сақтандыру сомасынан аспайтын көлемде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен жүзеге асырылады.

51. Берешекті өндіріп алу және залалдарды өтеу жөніндегі шығыстарды Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында бөлу тәртібі жеке келісімде айқындалады.

52. Егер Кредиттік шарт бойынша Қамтамасыз ету болып табылатын кепіл, кепілдік және/немесе кепілгерлік шарттары бойынша Қарыз алушыға (Экспорттаушыға) немесе Залал үшін жауапты өзге тұлғаға талап ету құқығын жүзеге асыру Сақтанушының кінәсінен мүмкін болмаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру төлемінің артық төленген сомасын қайтаруды талап етуге құқылы. Кредиттік шарт бойынша Қамтамасыз ету болып табылатын кепіл, кепілдік және/немесе кепілгерлік шарттары бойынша Қарыз алушыға (Экспорттаушыға) немесе Залал үшін жауапты өзге тұлғаға талап ету құқығын жүзеге асырудың мүмкін еместігі көрсетілген шарттардың сот тәртібімен жарамсыз деп танылуымен расталады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес Қағидалар 52-1 және 52-2-тармақтарымен толықтырылды

52–1. Сақтанушы шығындарды алдын алу немесе зиянды азайту мақсатында жасаған шығындары Сақтандырушы тарапынан өтеледі, егер бұл шығындар қажет болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалған болса, тіпті тиісті шаралар нәтиже бермесе де. Мұндай шығындар нақты көлемде өтеледі, бірақ Сақтандыру төлемі мен шығынды өтеудің жалпы сомасы Сақтандыру шарты бойынша белгіленген Сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер шығындар Сақтанушының Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде пайда болса, олар толық көлемде өтеледі, Сақтандыру сомасына қарамастан.

52–2. Сақтандырушы Сақтанушы мүмкін болатын зиянды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қасақана қолданбаған жағдайда пайда болған зиянның оған қатысты бөлігін Сақтандыру төлемін жүргізуден босатылады.

15-тарау. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

53. Сақтандырушы Сақтандыру төлемі туралы немесе Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды алғаннан кейін Сақтандыру шартында көрсетілген уақыт ішінде Сақтандыру төлемі туралы немесе Сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы Сақтанушыға жазбаша нысанда хабарлайды. Егер сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін жазбаша түрде негіздейді.

54. Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру төлемін Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде не тараптардың келісімінде айқындалған мерзімде жүзеге асырады.

55. Егер құқық қорғау органдары Сақтанушыға немесе ол уәкілеттік берген тұлғаларға қатысты қылмыстық іс қозғаған және ол бойынша жайттарға тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда, Сақтанушының қылмыс жасауға қатысуы дәлелденбеген кезде, Сақтанушыға ақтау үкімі шығарылған кезде тергеу жүргізу немесе алдын ала тергеу жүргізу кезеңінде қылмыстық іс тоқтағанға дейін, сондай-ақ егер көрсетілген іс-әрекеттер Сақтандыру жағдайының орын алуына әкеп соқтырған жайттарға байланысты болса, Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасына сәйкес Пайда алушының іс-әрекеттерінде заңсыз әрекеттер болмағанына көрсететін басқа жайттар орын алғанға дейін Сақтандырушы Сақтандыру төлемін жүргізуді кейінге қалдыра немесе тоқтата алады. Сақтандыру төлемін

кейінге қалдыру соттар, жоғары тұрған инстанциялар төменгі инстанциядағы соттың сот актілерін қайта қараған кезде де орын алады.

56. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына Сақтанушы сот тәртібімен шағымдануы мүмкін.

16-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

57. Сақтандыру шарты Тараптардың келісімі бойынша, оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда бұзылуы мүмкін.

58. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандыру шартының қолданылуы сақтандыру қорғауының бүкіл кезеңі ішінде жалғасады, ал Сақтандыру сомасы жүзеге асырылған Сақтандыру төлемінің сомасына азаяды. Сақтандыру төлемі Сақтандыру сомасының көлемінде жүзеге асырылған кезде Сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады.

59. Сақтандыру шарты келесі жағдайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) сақтандыру объектісі қолданысын тоқтатқан жағдайда;

2) Сақтандыру жағдайының туындау мүмкіндігі жойылып, сақтандыру тәуекелінің болуы Сақтандыру жағдайынан өзгеше мән-жайлар бойынша тоқтатылған жағдайда; 3) Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда;

4) Сақтанушының көрсетілген қызметтер актісіне тараптар қол қойған, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есепті, көрсетілген қызметтердің жалпы сомасын сипаттай отырып, көрсете отырып шот-фактураны ұсынған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Сақтандыру сыйлықақысын (біржолғы төлем немесе бірінші сақтандыру жарнасы кезінде) төлемеген жағдайда.

60. Сақтандыру шарты Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде Сақтандыру шартының осы бөлімінде көзделген мән-жайлардың туындауы туралы Тараптардың бірі жүгінген кезден бастап тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы мүдделі Тарап растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсына отырып, екінші Тарапты дереу хабардар етуге тиіс.

Бұл ретте Сақтандыру шарты тоқтатылған кезде Сақтанушы сақтандыруды қорғаудың қолданыста болған пайдаланылмаған кезеңі үшін Сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін ұстап қалуды/ұстап қалмауды ескере отырып (Сақтандырушының уәкілетті органының шешіміне сәйкес) қайтаруға жататын Сақтандыру сыйлықақысы сомасының 20% (жиырма пайызы) мөлшерінде қайтаруға құқылы. Қайтарылуға жататын Сақтандыру сыйлықақысының сомасын есептеу Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

61. Сақтандыру шарты тоқтатылған немесе бұзылған кезде Сақтандыру сыйлықақысын қайтару Сақтандыру шартында көзделген талаптарда жеке келісім негізінде жүзеге асырылады.

62. Сақтандыру шарты Сақтандыру шартында көзделген мерзім өткеннен кейін, Сақтандырушы Сақтанушыдан Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде туындаған Сақтандыру оқиғасының басталуына байланысты төлем туралы жазбаша өтініш алған жағдайда, қолданылуын жалғастырады.

63. Сақтандыру шартында Сақтандыру шартын тоқтату немесе бұзу үшін өзге де талаптар көзделуі мүмкін.

17-тарау. Суброгация

64. Сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға төленген сома шегінде талап ету құқығы өтеді, оған Сақтанушы сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты ие болады.

65. Сақтанушы Сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді кідіртпей беруге және Сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

66. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған залалды өтеу бойынша шығындарға жауапты тұлға немесе үшінші тарап жүзеге асырған өтемдер Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандырушыға тиесілі болады. Сақтанушы осы өтеулер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға және оларды алған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға аударуға міндетті.

67. Егер Сақтанушы Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартса немесе Сақтанушының кесірінен осы құқықты жүзеге асыру мүмкін болмаса, Сақтандырушы Сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде төлеуден босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

68. Сақтандыру шартында Сақтандырушының талап ету (суброгация) құқығын іске асыру және өтем алу тәртібін айқындайтын қосымша талаптар көзделуі мүмкін.

18-тарау. Қосымша шарттар

69. Тараптардың келісімі бойынша Қағидаларға сәйкес жасалатын Сақтандыру шартына өзге талаптар (сақтандыру ескертулері, ұйғарымдар, ерекшеліктер және т.б.) енгізілуі мүмкін.

70. Сақтандыру шартына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулардың оларды жазбаша ресімдеген және тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда заңды күші болады.

19-тарау. Дауларды шешу тәртібі

71. Осы Қағидалардың негізінде жасалған Сақтандыру шартынан туындайтын дауларды тараптар тікелей келіссөздер жолымен қарайды.

72. Сақтандыру шартының тараптары дауды келіссөздер арқылы шешпеген кезде сот органдарына жүгінгенге дейін туындаған келіспеушіліктің себептерін негіздей отырып, екінші тарапқа жазбаша шағым жіберуге міндетті.

73. Шағым екі апта мерзімде қаралуға тиіс.

74. Егер наразылық толық немесе ішінара қабылданбаған немесе осы Қағидалардың 73-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін наразылыққа жауап алынбаған жағдайда, тарап Сақтандырушы кеңсесінің нақты орналасқан жерінің соттылығы бойынша сотқа жүгінуге құқылы.

Келісу парағы

Жоба бойынша: «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-пен шикізаттық емес экспортты ілгерілету үшін кредиттеуге (қарыздарға) байланысты мәмілелерді сақтандыру жөніндегі қағидалары

Әзірлеуші: Сақтандыру және кепілдік департаменті

ІҚ иесі: Сақтандыру және кепілдік департаменті

Лауазымның атауы	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қолы	Қол қойылған күні
Басқарма Төрағасының Орынбасары	Ержанова Мадина Нуржановна		
Басқарушы директор	Куанбаев Эльдар Болатканович		
Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры	Нурмухамбетов Серик Кайдарович		
Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры	Шабарбаева Лейла Галымжановна		
Комплаенс-қызметінің басшысы	Жакаева Асель Сейтжановна		
Андеррайтинг департаментінің директоры	Карменова Найля Серыковна		
Жобалық басқару және ақпараттық технологиялар департаменті	Туякбаев Мағжан Сакенович		

Сақтандыру және кепілдік беру
департаменті директорының м. а.

Муханов А.Ж.